

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2001-2003 жылдарға арналған индикативтік жоспарының өлшемдері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 15 мамыр N 722

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңының Z990357_2-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2001-2003 жылдарға арналған индикативтік жоспарының өлшемдері (бұдан әрі - индикативтік жоспардың өлшемдері) мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңда белгіленген тәртіппен тиісті қаржы жылына арналған Қазақстан Республикасы бюджетінің және алдағы үш жылдық кезеңге арналған мемлекеттік бюджетінің болжамды көрсеткіштерінің жобасын қалыптастыру кезінде индикативтік жоспардың өлшемдерін басшылыққа а л с ы н .

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі өзге орталық атқарушы о р г а н д а р м е н б і р л е с і п :

1) индикативтік жоспар өлшемдерінің мониторингін жүзеге асыруды қамтамасыз етсін, оның нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметін тоқсан сайын хабардар етсін және қажет болған жағдайда белгіленген тәртіппен нақтылау енгізсін.

2) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларының ағымдағы жобаларын, сондай-ақ тиісті бағдарламаларын әзірлеу кезінде индикативтік жоспардың өлшемдерін басшылыққа алсын.

4. Осы қаулының орындатуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Ә. Өтембаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2000 жылғы 15 мамырдағы
N 722 қаулысына қосымша

ЕСКЕРТУ. Қосымша жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 19 қыркүйектегі N 1410 қаулысымен.

P 0 0 1 4 1 0 _

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық
дамуының 2001-2003 жылдарға арналған индикативтік жоспарының
өлшемдері

	! 2000 ж. !	Болжам		
	!бағалау !	_____		
	!	! 2001 ж. !	! 2002 ж. !	! 2003 ж. !
	!	!	!	!
ЖҮӨ, млрд. теңге	2289	2535	2848	3070
Алдындағы жылға, %	105	104	107	103
<hr/>				
Тұтыну бағалары индексі, %	есебімен			
жыл аяғына	8,5	5,5	4,9	4,6
бір жылға орташа	13	6,9	5,2	4,7
<hr/>				
Теңгенің АҚШ долларына бағамы				
жыл аяғына	148,0	156,1	163,8	171,5
бір жылға орташа	143,3	152,7	160,0	167,7
<hr/>				
Өнеркәсіп өнімі көлемі,				
алдындағы жылға, %	108	108	110	103
<hr/>				
Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің				
көлемі, алдындағы жылға, %	93,1	100,6	100,6	102,2
<hr/>				
Негізгі капиталға инвестиция,				
алдындағы жылға, %	115	122	120	118

Мембюджетке түсімдер, ЖІӨ-ге % есебімен	22,1	23,1	22,4	21,5
Кірістер, ЖІӨ-ге % есебімен	21,9	22,9	22,2	21,4
Салық түсімдері, ЖІӨ-ге % есебімен	18,9	19,2	19,3	19,4
Салықтық емес түсімдер, ЖІӨ-ге % есебімен	1,6	1,9	1,6	1,5
Капиталмен операциялардан кірістер, ЖІӨ-ге % есебімен	1,4	1,8	1,3	0,5
Шығыстар және несиелендіру, ЖІӨ-ге % есебімен	24,9	25,3	23,6	23,0
Мембюджет тапшылығы, ЖІӨ-ге % есебімен	2,8	2,2	1,2	1,5
Экспорт, млн. АҚШ доллары	8781	8631	9020	9718
Импорт, млн. АҚШ доллары	6820	7258	7808	8487

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.